

#13-14

(949-950)

9 маусым

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

AIF: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ДАМУ ЖОЛЫНДА



2-БЕТ

МАДАҚ СӨЗДІҢ МАЗАСЫ ЖОҚ...



6-9-БЕТ

ӨЗІМ КЕТСЕМ, АРТЫМДА СӨЗІМ ҚАЛСЫН...



10-13-БЕТ

Қазақстанда
30 ЖЫЛ



Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды. Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды. Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында

the
human
energy
company®



✓ BRENT \$76.72

✓ USD 444,5 T

✓ EUR 477 T

✓ RUB 5,4 T



АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ (AIF) ЖАҒАНДЫҚ ОРТА ДЕРЖАВАЛАРҒА БҮГІНГІ КҮННІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫН ТАЛҚЫЛАУҒА, СОНДАЙ-АҚ ОСЫ ТҮЙТКІЛДЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫН ТАЛҚЫЛАЙТЫН АЛАҢ ҰСЫНУЫМЕН ЕРЕКШЕ.

«ДИАЛОГ АРҚЫЛЫ СЫН-ҚАТЕРЛЕРДІ ЕҢСЕРУ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ, ДАМУ ЖӘНЕ ПРОГРЕСС ЖОЛЫНДА» ТАҚЫРЫБЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ФОРУМҒА

ХВҚ, ДСҰ, АДБ, ЕҚДБ, ЕҚЫҰ, ЮНЕСКО, ШЫҰ, ЕҚЫҰ ПА БАСШЫЛАРЫ, ЭЫДҰ ЖӘНЕ АҚШ САУДА МИССИЯСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ, СОНДАЙ-АҚ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ БАР 300-ДЕН АСА ШЕТ ЕЛ ДЕЛЕГАТТАРЫ КЕЛДІ.

ФОРУМДЫ ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ СӨЗ СӨЙЛЕП АШТЫ.

Форумда шешілетін бірінші міндет сыртқы саясатқа, қауіпсіздік пен тұрақты дамуға қатысты. Осы орайда Мемлекет басшысы: «Геосаяси қысымдар бір-бірімізді алшақтатып жатқанда бірігуге, ықпалдасуға, ынтымақтасуға, өзара қол ұшын созуға деген анық императивпен бетпе-бет келеміз. Бұл жердегі негізгі идея – осы. Осындай сәтте Астана халықаралық форумы аталған үрдісті кері бұру үшін тағы бір мүмкіндік береді. Тек кездесу, кеңесу, сондай-ақ өзара адалдық таныту арқылы ғана халықаралық қоғамдастық біздің проблемаларымызға, шаруаларымыз бен үмітімізге қатысты мәселелерді шеше алады», – деді.

Біздің еліміз ежелден Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы алтын көпір болып отыр. Президент атап көрсеткендей, бұл форум ұлы Еуразия даласының мәдениетіне, тарихына сай келеді: «Геосаяси қиындықтарға қарамастан, Қазақстан Орталық Азияда да экономикалық локомотив қызметін атқарып отыр. Біз шетелден кең көлемде инвестиция тартуды жалғастырамыз және Қазақстанда бизнес жүргізу үшін барынша жағдай жасаймыз».

Қытайды Еуропа Одағымен байланыстыратын орта дәліз немесе Транскаспий халықаралық көлік

AIF: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ДАМУ ЖОЛЫНДА

бағыты сауда мен инвестиция үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл бағыт тауарды Үнді мұхиты арқылы тасымалдау мерзімін екі есе қысқартады. Экономикалық дамуға және өңірішілік бірігуге ықпал ететін «Бір белдеу, бір жол» бастамасында еліміздің рөлі ерекше. Осы факторлардың барлығын ескергенде, бүгінде Қазақстан – жаһандық, ең бастысы, сенімді сауда-экономикалық серіктес.

Жаһандық үйлестіруді қажет ететін екінші мәселе – климаттың өзгеруі. Оның салдары жойқын. Осы орайда Мемлекет басшысы аймақтағы экологиялық апаттың алдын алу үшін Халықаралық Аралды қорғау қорын қолдауға көбірек қаржы бөлуге шақырды. «Аймақтағы екі үлкен өзен Сырдария мен Әмудариядағы су деңгейі 2050 жылға қарай 15 пайызға түседі. Су мен климаттың өзгеру мәселесі өзара тығыз

байланысты. Орталық Азия – су қауіпсіздігін сақтау тығыз әріптестік және бірлескен тиімді шараларды жүзеге асыру арқылы ғана шешілетін аймақ. Аймақтағы климат және өзге де мәселелерді талқылау үшін мен Алматыда Орталық Азия елдерінің жобалық кеңсесін құруды және БҰҰ секілді халықаралық ұйымдарды тарта отырып, 2026 жылы Қазақстанда Аймақтық климаттық саммит өткізуді ұсынамын», – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз «жасыл» экономиканың мол мүмкіндіктерін ұсынып, қайта қалпына келтірілетін энергетиканың орталығы атана алар еді. «Алайда уақыт біздің жағымызда емес. Көмірді аз тұтыну және «жасыл» экономикаға қажетті жылдамдықпен көшу үшін бізге ресурстар мен серіктестік байланыс қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МӘЖІЛІС

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

Руслан ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
қорғаныс министрі:

«Егер сен еліңнің нағыз патриоты болсаң, әскерге баруың керек. Әскерге бармайды, ал түнгі клубқа барады. Денсаулығы түнгі клубқа барып, көңіл көтеруге жетеді екен. Ал Отан

алдындағы борышын атқаруға жетпей ме? Жастарды нағыз еркек етіп тәрбиелу керек. Ол өзі үшін де, өзінің отбасы үшін де, Отаны үшін де жауапкершілік ала білуі керек. Түнгі клубтарға барып, қыдырып жүретіндерді еркек деп айтуға болмайды».



АПТАНЫҢ АЛАҒЫ

Елнұр БЕЙСЕМБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Халықтың несие алу деңгейі де өте жоғары. Мысалы, 2022 жылы тұтынушылық несие – 30 пайызға, яғни 13,2 трлн теңгеге дейін өсті. Бұл бюджетке түсетін салықтық түсімдермен шамалас қаражат. Аталған көрсеткіш – халықтың төлем қабілетінің төмендеуінің көрсеткіші, яки бір қарызды екінші қарызбен жамап жүрген халықпыз.



Жұмыссыздық көрсеткіші кейінгі 5 жылда 5% шамасында сақталып отыр. Тәуелсіз сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстандағы жұмыссыздықтың шынайы деңгейі 9-10%-дан кем емес. Бұл – кемі 900 мың адам деген сөз, яғни екі есе көп. Ал бюджеттен бөлінетін қаржы тек уақытша жұмыс орындарын ашуға, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық тиімділікті сақтау үшін жұмсалып отыр».

САУАЛ:

«Жергілікті халықтың айтуынша, Қызылорда облысында сіздің туыстарыңыздың меншігінде көп жер бар көрінеді. Ол туралы не айтасыз?»

АПТАНЫҢ ЖАУАБЫ

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ,
Қызылорда облысының әкімі:



«Сіз ол мәселе бойынша маған жазбаша сауал жолдаңыз. Болмаса, құқық қорғау органдарына да берсеңіз болады. Олар тексеріп, сізге ақпаратын береді. Мен сіздің сұрағыңызбен келіспеймін. Алса, кезінде заң аясында берілген. Қарапайым азаматтар үлескер ретінде алып жатыр ғой. Біз әкім болғанша, осыдан 20 жыл бұрын алған шығар. Ал басқа ондай иемденіп алып қойған жері жоқ.


Бағана баяндамамда айтып кеттім. Былтыр 157 мың гектарды мемлекет меншігіне қайтардық. Биыл 200 мың гектардан артық жерді қайтарамыз деп жоспарладық. Оның ішінде біздің туыс бола ма, басқа бола ма, заңсыз алса, міндетті түрде мемлекетке қайтарылады. Оны менен басқа да органдар қарап, қадағалап отыр».

ДҮЙСЕНБІДЕ «ҚАРА АЛТЫН» ҚАЙТА ҚЫМБАТТАДЫ. BRENT МАРКАЛЫ МАЙДЫҢ ҚҰНЫ 0,76 ПАЙЫЗҒА ӨСІП, 77 ДОЛЛАРҒА ЖЕТТІ. БҰҒАН ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ВЕНАДА ӨТКЕН ОПЕС+ ЖИЫНЫНДА АЛЫНҒАН ШЕШІМНІҢ ЫҚПАЛ ЕТКЕНІ БЕЛГІЛІ. БАСҚОСУДА МҰНАЙ МИНИСТРЛЕРІ КҮНДЕЛІКТІ ӨНДІРІС КӨЛЕМІН ТАҒЫ ДА 1,4 МЛН БАРРЕЛЬГЕ (40,46 МЛН «БӨШКЕ») ҚЫСҚАРТУ ЖӨНІНДЕ УАҒДАЛАСТЫ. БІР ЕРЕКШЕЛІГІ, КӨМІРСУТЕГІНІ АЗАЙТУ АЛДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ СОҒЫНА ДЕЙІНГІ УАҚЫТТЫ ҚАМТИДЫ. АЛ «ТАҒЫ ДА» ДЕЙТІНІМІЗ, БИЫЛҒЫ МАМЫРДАН БАСТАП ЖАЛПЫ КВОТА МӨЛШЕРІН 1,7 МИЛЛИОНҒА ДЕЙІН ШЕКТЕУ ЕНГІЗІЛГЕН ЕДІ.

Мұнайға бай мемлекеттер қауымдастығы шеңберінде алынған қарарға Қазақстан да қосылды. Біздің үлес – тәулігіне 78 мың баррель (1 баррель – 259 литр). Квота әр елдегі өндіріс көлеміне қарай белгіленеді. Елімізде бұл көрсеткіш 2 миллионға жуықтайды. Тәулігіне 10 млн баррельден асып жығылатын Сауд Арабиясы немесе Ресейдегі деңгейден аздау. Дегенмен отандық мұнайшылар

биыл қарқынды арттырып, 90,5 млн тонналық межені бағындырмақшы. Мұның 71 миллионы экспорт ретінде жөнелтілуі тиіс. Салыстыру үшін айтсақ, былтыр 84 млн тонна қара май өндіріліп, оның 65 миллионға жуығы жер-жердегі тұтынушыға жіберілді. Энергетика министрлігі бұған уәж ретінде Қашаған кеніші мен Қарашығанақ газын өңдейтін терістік көршідегі Орынбор зауытында жүргізілген жоспарлы күрделі жөндеуді алға тартты.


Жаһандық геосаяси текетірестен туындаған нарықтағы тұрақсыздық ОПЕС+ елдерін осындай қадамға баруға мәжбүр етті. Өндіріс көлемін шектеу арқылы тиімді бағаны ұстап тұру Лениннің «Бір адым кейін, екі адым ілгері» дейтін қанатты сөзін ескере түсіреді. Венадағы кездесуден кейін арабтың Saudi Aramco компаниясының Азия, Еуропа және Америкаға жөнелтетін мұнайына жазғы бағаны қымбаттатуы осы пікірді растай түседі. Бұған қоса, АҚШ-тың қаржы нарығындағы ахуал да алаңдатпай қоймайды. Күні кеше дефолт табалдырығына жетіп қалып, мемлекеттік қарызын одан әрі еселей түскен әлемдегі ең бай ел тағы да қазыналық құнды қағазын сатуға мәжбүр. Сарапшылардың



МҰНАЙ:

есебінше, Құрама Штаттардың қаржы министрлігі жыл соңына дейін құны 1,1 трлн долларлық облигация шығаруды жоспарлап отыр. Демек мемлекеттік қарыз көлемі қазіргі 31,4 трлн доллардан асып жығылады. Қысқа мерзімде осыншама ақшаның американдық бюджетіне құюды көздегендердің өз есебі бар. Қыруар қаржы қор және шикізат нарығындағы бағаның төмендеуіне әсер етуі тиіс. Бірақ нақты тауар немесе өніммен қамтамасыз етілмегендіктен ірі компаниялардың пайдадан қағылуы, сондай-ақ төлем қабілетіне қауіп төндіруі де әбден мүмкін. Morgan Stanley инвестбанкінің болжамына сәйкес, ең ірі алпауыттарды қамтитын S&P 500 индексі жыл соңына қарай 9 пайызға құлдырайды.

Ғаламдық дағдарыс, климаттың өзгеруі, пандемия, орыс-украин қақтығысынан туындаған санкциялардан кейін біздің билік зор сынақтан өтті. Аяқтан шалған кедергі есеңгіретпесе де, абыржытқаны анық. Әсіресе, жылдар бойы қалыптасқан тауар



қозғалысы мен жүк тасымалына қауіп төнді. Бұл аздай, Батыс пен Ресейдің ымырасыз текетіресі медиа кеңістігіне де ойысты. Гибридтік соғыс өршіп, ақпараттық шабуыл үдей түсті. Соның бір көрінісі ретінде Қазақ мұнайының басым бөлігін орыс жері арқылы тасымалдайтын КТК құбыр желісінде шыққан ақауды айтқан жөн. Сол кезде шетелдік БАҚ-тың айқайына қиқу қосқан осындағы «жалдамалы жазғыштар» жайсыз жаңалықты бөркін аспанға лақтырып, қуана хабарлады. Алайда

арасында алтын дария арнасын салу да қарастырылып жатыр.

Кейбір сарапшылардың бүйрегі көбірек бұрылатын «Орта дәлізге» ойысу солтүстік сүрлеуден мүлде бас тарту дегенді білдірмейді, әрине. Өйткені әлгі 1,5 млн тонна қара майды портта әуелі танкерге тиеп, содан кейін арғы жағалаудағы құбырға құю осы жолдың қазіргі шамасын көрсетеді. Дегенмен, біздіңше, болашақ мұнай тасымалында Қара теңіздегі «Түрік ағыны» мен Балтық Теңізіндегі «Солтүстік ағын» секілді әлемдік

Жомарт Тоқаев бүгінде елімізден кәрі құрлыққа «қара алтын» экспортының 80 пайызы осы КТК желісімен тасымалданатынын атап өтті. Қазақ елі Еуроодақтың ортақ мүддені ескере отырып, келешекте аталған стратегиялық маңызы зор осы құбырмен тұрақты әрі ұзақ мерзімді тасымалға қолдау көрсетеді деп есептейді. Сонымен қатар, орыс орманы арқылы өтетін «Дружба» құбыр желісімен 90 мың тонна шикі мұнай Германияға жөнелтілді. Келешекте оның қуатын 1,2 млн тоннаға жеткізу көзделіп отыр.

КӨПҚЫРЛЫ КӨЗҚАРАС

аттан салғыштардың алақайы ұзаққа созылмады. Терминалдағы қондырғы жөнделді. Бір қызығы, жуырда осы құбыр желісімен мұнай жөнелту көлемі күрт көбейгені туралы ақпарат тарағанда әлгі блогерлер ләм-мим демеді.

Санкциядан алған сабақ қашанда баламалы бағыт қажеттігін қаперге салды. Бұған дейін де жазғанымыздай, теңіз жолдарынан жырақта жатқан Қазақ еліне өнімді тұтынушыға жеткізу, сөз жоқ, бірінші кезекте бас қатырар шаруа. Бұл ең алдымен көршімен тіл табысуды, көп айтылып жүрген көпвекторлық саясат жүргізуді талап етеді. Мемлекет басшысы бұл ретте атқарушы биліктің алдына «Орта дәліз» деп аталатын Транскаспий жобасын мықтап қолға алуды тапсырды. Ақтау айлағынан теңіз арқылы Әзірбайжанға, одан әрі Еуропаға тасымал басталып та кетті. Сәуір айында 100 мың тоннаға жуық «қара алтын» Баку-Тбилиси-Жейхан құбыр желісіне жеткізілді. Бауырлас Бакумен жасалған келісім бес жыл бойы 1,5 млн тонна мұнайды тасымалдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Ақтау мен Батуми



тәжірибені де ескеру керек. Сол кезде күретамырдың әлеуеті әлденеше есе артады. Бұған алдағы уақытта тоқтала жатармыз.

Әзірге қазақ нақылына салып, «арбаны да сындырмайтын, өгізді де өлтірмейтін» көзқарас қажет. Ақорданың ұстанымы да осыған кеп саяды. Таяуда қырғыздың Шолпан Ата қаласында өткен Еуропалық одақ – Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кездесуінде Президент солтүстік бағыттың тиімді екеніне айрықша тоқталды. Реті кеп тұрғанда айта кетейік, дәстүрлі қуат көздерінен жаппай бас тартпақ болған кәрі құрлық мемлекеттері қазір энергетика саясатын қайта қарап жатыр. Қасым-

Айтпақшы, осы аптада Астана халықаралық форумына жиналған ауызы дуалы саясаткерлер мен сарапшы қауым осы энергетика, соның ішінде, «қара алтын» тақырыбын да қозғайды. Ұтымды ұсыныс, пәтуалы пікірін ортаға тастап, келешекке көз тастайды. Жиында мамандар Ахмед Йаманидің (Сауд Арабиясының бұрынғы мұнай министрі) «Мұнай да, мұнай ғасыры да аяқталған жоқ» дейтін әйгілі сөзіне жүгініп жатса, таңқалмаңыз.



СРАЙЫЛ
СМАЙЫЛ,
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШОЛУШЫ

**КЕУДЕСІНДЕ ЖАНЫ БАР,
ОЙЫНДА ЗЕРЕК САНАСЫ БАР
ӘРБІР АДАМ ӨЗІНЕН КЕЙІН НЕ
ҚАЛДЫРАТЫНЫН ОЙЛАЙДЫ,
ЖАРЫҚ ДҮНИЕДЕН ӨКІНІШСІЗ
ӨТУГЕ ТАЛПЫНАДЫ. ӨМІРІН
ЖАҚСАРТАТЫН АМАЛ
ІЗДЕЙДІ. СОНЫҢ ЕҢ
БАСТЫСЫ – АДАЛДЫҚ ПЕН
ӘДІЛДІК ЖОЛЫНАН ТАЙМАЙ,
АР-ҰЯТЫ МЕН ОЖДАНЫН
САТПАЙ, ХАЛЫҚТАН АЛҒЫС
АЛУ. КӨПШІЛІККЕ КІСІЛІК
МЫҚТЫЛЫҒЫМЕН СЫЙЛЫ
БОЛУ. АЛ ӨЗГЕГЕ ҰҚСАС,
НЕ БОЛМАСА АЗАМАТТЫҚ
АРТЫҚШЫЛЫҒЫ, ШЫН
МӘНІНДЕ МЫҚТЫЛЫҒЫ ӨЗІНІҢ
АЙНЫМАС ҰСТАНЫМЫ МЕН
ТАЛАПШЫЛДЫҚ ҚАСИЕТІНЕН
ТАНЫЛАДЫ.**

Қазір жан-жақтан анталаған түрлі-түрлі мәдени-рухани аласапыранда, адамдардың қалыпты қарым-қатынасының өзі есепке құрылып, ізгілік пен мейірімге зәрулік туындап, тек ашкөздік пен ақшаға суарылған дүниелер қоғамды тұмшалай бастаған уақытта әрбір тұлғаның абыройы мен адал, турашыл сөзі таңғы таза ауадай қажет болып отыр. Өйткені «Ақша алға шықса, бақыттың жолы жабылады» деген Шығыс ойшылдарының мұра сөзі айна-қатесіз шындыққа айналды. Ал бұл әлеуметтік-тарихи санаға тигізетін зардабы көп мәселе. Сондықтан да көз арбайтын ақшаға, қу-дүниеге қызығу бір басқа, ол жақсы өмір сүру үшін артық етпейтін керек нәрсе десек те ананың ақ сүтімен, әкенің қанымен жаратылған кісі мұраты адамгершілікті асқақтату болар. Алайда көріп отырғанымыздай, бұл күндері де дап-дардай адамдар егде жасына қарамай, ана жергілікті



билікке жағыну мен дәмелі сый-сияпат, әлдеқандай марапатқа тәуелдіктің салдарынан қай жерде болмасын, әсіресе, жастар мен зерделі адамдар қатысып отырған ортада жүректегі ұятты белге байлап, мақтан сөзді үйіп, төгіп, жағымпаздық пен жәдігөйліктің, бейшаралықтың «үлгісін» көрсету, неге екенін қайдам, кейінгі уақытта өршіп барады. Естіген құлаққа тіптен ыңғайсыз: «Сіз келгелі халық риза», «Мәслихатқа да біз көп жылдан бері күткен ағайын келді» деп жалғаса беретін үйреншікті сөз аясында сөз жарыстыру баяғыдан

бері таныс картина. Ешбір өзгеріске ұшырамаған қалпында қалды, апырай, мақтангерлік пен мақтан сөзді арнаудың өзін адалдықпен, өңірдегі жұрт пен қалың қоғам көзбен көріп, құлақпен естіген жаңалықтарымен дәлелдеп айтса, оған кім қарсы бола қойсын. Өкінішке қарай, олқы соғып, тіптен олай болмай тұр. Бұл жосықсыздау жағдайдың бас-аяғын, әлеуметтік ортадағы әсерін терең зерделесек, бұл биік және дәмді астау төңірегінен ұзап шықпайтын «белсенділер» қызметі тұтас ел болып, әділетті Қазақстан құруға

жауапкершілікпен атсалысып жатқан тұста қажетті пайдасынан гөрі залал-зияны көп «тәрбие» деп санауға болады. Бастық көрсе, адымды жүрісінен жаңылатын, жаттанды, әбден жауыр болған жылтыр сөзімен жағымпаздық дертіне ұшырағандардан қарапайым халыққа келер ешбір қайыры жоқ. Арасында ақылсыздықпен өздерін де мақтап былжырайды. Құлдық психологияның салдары баяғы. Ер-азаматтарға жарасатын қасиет - елдің сөзін сөйлейтін, мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын, көз жасын құрғатып сүртуге дайын адам халықтан алғыс алмай ма? Бір қызығы, жергілікті жерде әкім шенеуніктерге жағымпаздық пен жәдігөйлік секілді көріністер әйел кісілер тарапынан жоқтың қасы. Мүлдем жоқ. Аналар айтса, мұң-мұқтажын ашық, кейде қаттырақ айтады. Өздеріне керекті мәселелерді ғана шынайы және ширығып қозғайды. Абай хакім «Құдайға терістіктен не ар мен ұятқа терістікпен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?» деп айтқан жоқ па?! Бірлік емес, байлық үшін жұлысқан, Бас басына би болуға тырысқан (М. Шаханов) заман өтер, кетер. Ал кісілік сөз бен ойды бұзатын жарамсақтық көңіл-күй әкімдікте ме, өзге орындарда ма, мәдениет пен мемлекеттік қызмет тәртібі қатаң сақталуға тиісті ресми жиналыстың өзінде көрініс табуда. Ешбір ретсіз, рабайсыз мақтау сөзді көпіртіп, көзге түсуін жарамсыз не қисынсыз, орынсыз екенін сол лауазым иелерінің өзі де этика тұрғысында сыпайы болса да ескертіп жатпайды. Оған ой-өресі жетпегендігі. Қалай десек те ондай түсінік-пиғылдағы әкім-қаралардың болмысы жаңа Қазақстанның халық қалаған

рухымен де, саяси бағыт-бағдарымен де сыйыспайды деп білеміз. Жұрт жасыратын несі бар, қамығатын көп жай жоқ. Бірақ ел ішінде көңіл толмайтын деп, жергілікті басшылар атына жалған мақтауды шұбыртып, мәймөңкелеп, астына көпшік қойып сөйлеп, дабырлатуға дайын белгілі бір топтардың жағымсыз әрекеттері жалғаса түсіп, тойлар мен концерттерде, салтанатты кездесулерде дақпыртқа айналып, жүрек айнытатын теріс әсері болуын атайды. Қоғамды алаңдатқан өзекті мәселелерді қозғап, жүзеге асыруға салмақты сөздерімен түрткі болудың орнына, өмірден көргені мен түйгені бар кісілердің жалпақшешейлік әрекеттерін билікке жақын жүру жолы деп ұққанын төзгісіз іс деп айыптайды. Шын мәнінде бұл ескіден келе жатқан «дәстүрге» тоқтау болатын түрі жоқ. Бұл пәлекет енді жастарға жұғысты болып, сорламасақ, қанеки?! Мұндай қоғамдық жарамсыз мінез алға апармайды, шындыққа жетелемейді, керісінше кейде өкпе-реніш, ашу туғызады. Қоғамға да, билікке де бұл қауіпті. Керек десеңіз, мақтау сүйетін мырзаларды енжарлық пен немқұрайлыққа ұйыта түседі. Жемқорлыққа да жол ашуы мүмкін. «Сіз кереметсіз!» деп жарысып, құстай сайрағаннан сан соғып

қалған талай дәуірдің суретін көріп отырған жоқпыз ба? Дәл осындай шақта жергілікті басшыларға кейде дәл, кейде асыра мін тағып, орынды сын айтуға ұмтылатын блогерлердің қызметіне алғыс айтқың келеді екен. Сол себепті бұл толғақты тақырып қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерде, саяси партияларда да ашық талқыланып, мәселенің тәрбиелік мәні мен тигізер теріс жағы жеңіл көзқарастағы пенделердің жетесіне жеткізіп айтылғанын жөн санаймыз. Қазіргі Мемлекет басшысының аса жоғары мәдениеті мен биік ұстанымынан, саяси терең ойлары және адамдармен сөйлесу қарым-қатынасынан табиғи қарапайымдылық пен шынайы адалдықтың өнеге-үлгісін аңғарасыз. Задында заман зиялысы мен саяси элитаның деңгейіне де көп өзгеріс керек екені даусыз. Мыжып айтатын мақтау сөздің мазасы кеткені рас. Халық жазушысы Шерхан Мұртаза ағамыз Астанда жүргенінде айтуыш еді: «Мені де жиындар мен түрлі салтанатты мәжілістерге жиі шақырады. Бәріне бірдей барғым жоқ. Барсаң, май жаққан мақтау



мен көтермелеу сөзден құлағың тұнады. Шақырып алып, сені аса бір ілтипатпен құрметтегенсіп, сосын әлдебір жуан дөкейлерді мақтатуға итермелейді не соған мәжбүрлегендей болады. Ардан қалай аттайсың, ел не дейді?». Асыл текті Шераға ар мен ел алдындағы абырой мен ұятты ойлап, оны ашық айтып, жазған. Осы орайда еске түсіп отыр, 90-шы жылдардың белортасынан ауа Алматыда кіл мықты, аузын айға балаған ірі тұлғалар шақырылған Үлкен сарай жиыны болды. Бірыңғай мақтау мен мадақтау сөз тау суындай тасқындап, түсінікті саяси науқанды тұс-тұстан жарнамалап, көңілмен кең көсілген мезеттің бір көлкіген сәтінде қайсар мінезді Шераға сөз

қалақай болып қалады», – деді. Зілсіз сөз зілді болып естілді. Алтын жалатылған зал ішін үнсіздік басты. Ығай-сығай... Төр басына қарады. Жиын аяқталды. Қазір де желпілдеген жағымпаз, мәнсіз мадақ сөзбен өңірлер мен аймақтарда жұрттың ренішін туғызып жүрген «жақсыларға» Шерағаның алмастай бір ауыз өткір сөзі керек боп тұр. Көрнекті ақын Жұбан Молдағалиев кезінде «Төбелердің көңілі үшін кейде шыңның асқақтығын жасырдық» деген еді. Қазір екінің бірі «ұлы қайраткер», «ұлы тұлға» деп те жүрміз, зер салып қарасақ, олардың көпшілігі тау емес, жай ғана жота екенін аңғарамыз. Бір өкініштісі, нағыз тұлғаны танып, асқақтата

болсын!» дегеннен аспайтын «штаттағы» шешендердің «түлкібұлаң қызметі» қосылды. Орайы келгенде көкейде тұрған бір ойды сабақтастырып жіберсек, бүгінгінің «үлкендері» өсиет айтудан гөрі, өсек айтуға пейіл болып жүргені өкінішті. Отырған орталары мен кездесулерде Абай, Бұқар жырауды, Ақтамберді, Бөлтірік, Жамбыл тәрізді берен жыраулар мен би-шешендердің аталы сөздерін қосып айтар үлкендерді көре алмай келеміз. Қиналатын тұс осы. Өнегені кімнен үйренеді, жастар үлгіні қайдан алады? Оны ойлап жатқаннан гөрі... Қолында билігі бар адам көрсе, жік-жапар бола қалатыны несі? Адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы-қиын іс, деген адамзат ойшылын нені аңартып отырғанын терең түсінген абзал. Жақсыны жақсы деуіміз керек. Бұл адалдық үшін абыройлы іс. Тегінде, қоғамға керегі не? Тұрмысты түзету болмақ. Адамдардың күнкөрісі барлық жерде бірдей жақсы емес. Жергілікті жерде, облыс орталығында, аудан мен ауылдарда жаңа өндіріс орны, жаңа технологиялар көзделген межеде ашылып, кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күресті күшейту – басты шарт. Бір ауданда отыз жылдан астам уақыттан бері тым болмаса бір сүт цехы ашылмаса, онда ауыл шаруашылығы саласы оңды дегенге ешкім де сенбейді. Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдіктердің алдына әлеуметтік инфрақұрылымдарды түбегейлі жаңғырту, ауылдарда мемлекеттік бағдармалар мен жобаларға сәйкес жұмыстарды жүйелі және сапалы жүргізу, шағын және орта бизнесті дамыту, инвесторларды тарту және қоғамдық бірлік пен халықтың пікіріне құлақ асып, азаматтық ашық қоғамды қалыптастыру секілді зор міндеттерді жүзеге асырып, көпшілік сенімін күшейтуге тиіс деп аса



сұрап алды да өзіне тән мәнермен, қос қалың қара қасын қайшылап: «Ойнасақ та біраз жерге бардық-ау» дегендей, өз ой-пікірлеріңізді айтып жатырсыздар. Бәрі дұрыс. Бірақ елге бір-бірін қайталау мен құрғақ сөз емес, қайратты іс керек. Сөзді тоқтатайық, ағайындар. Тау жақта қалақай деген ащы шөп өседі. Қанша жерден оған бал жақсаң да

алар руханият пен қасиетке тапшымыз. Міне, соған енді әр әкім шенеуніктер билік қызметінде отырғанында «Сізге сенеміз. Көптен күткен едік» деген сыңайда, сосын не істеп, не қойғанын еш сезінбесе де «О, сізге риза болып жатырмыз» деп жарамсақтанған, ал күндердің күнінде қызметі ауысқан жағдайда «Бізді қолдап жүрдіңіз. Жолыңыз



қажетті талаптарды қойып отыр. Мемлекет қаржысын бөліп беріп, бюджеттің тиімді жұмсалып, орындалуын бақылаумен ғана әкімдік жұмысы бітпейді. Ел басқару ісі бұйырған екен. Әкім болған азаматтар жауапкершілігі мен міндетін таза мансап тұрғысында қарастырмаған жөн. Қазіргі әкімдер толыққанды мемлекет және қоғам қайраткері биігінен табылуы тиіс. Жеке абырой-беделі, білімі мен алғырлығы, бастамашыл, идеялық тапқырлығы, кісілік мәдениеті мен көпшіліктің тілін таба алатын ақыл-ойы, рухани-ұлттық кесек мінезі және дүниеқоңыздық, сұғанақтық, жерлестік, рушылдықтан ада қадір-қасиеттері атойлап тұруы керек. Бірақ барлық жерде бірдей бұл талап сақталмайды. Кездейсоқ болмаса да әкім дегенге шапқылап жүрген елгезек жігіт шамасында ғана шырамытып қараса, онда не шығады? Тағы бір мәселені айтпай тұра алмадық. Ел ішінде... Жұғымсыз

жүріс-тұрысымен, лас айлакерлігімен аты шыққан байырғы шенеунік көкелер кейбір жас әкімдердің «сенімді кеңесші, құпия уәзіріне» айналған-ды дегендей алыпқашпа әңгіме көп. Аяқ астынан олардың «сыйлы» тұлғаға айналуы да осындайда бекер емес дейді. Өзгенің көлеңкесінде тұрғанның өз көлеңкесі болмайды. Өз көлеңкесі болмаса – өлгені дейді. Жалпы қарапайым адамдар әкімдердің бір ғана жағымсыз әрекетін көрсе болды, көңілі қалады. Егер белгілі бір өңір қылмыстың көбеюі мен сыбайлас жемқорлық мәселесі бойынша алдыңғы орынды бермейтін болса, онда мемлекеттік тәртіпті бұзу мен ашкөздік жайлаған деген сөз. Қоғам дертіне айналған жегі құрттың жиі орын алу себебін енді алыстан індетіп іздеудің қажеті жоқ. Мұндайда мадақ емес, сын айтылуы керек емес пе? Есті адам ел пікірін ескеретін болса, екінің

бірінде есі кетіп сөйлемес еді ғой мінберден?! Жоқ, олай емес. Тек мақтау керек, «айтсам өз сөзім» деп өзеурейді. Ал мақтауға үйренген мырза сол сөзді сағынып тұрады ма, ел естісін дей ме, міз бақпайды. Бұл жағынан жарыс, бәсеке де бар секілді. Жақсы кісілер еді... Жағымпаздық пен жалпақшешейлікке қалай дәті барады деп те ойлайсың. Халық «Жағымпаздық жардан жығады» деп те айтқан. Қоғам өмірінде өңкей өтірік пен өңмеңдеген пиғылдар, жағы талмайтын жағымпаздық арқылы талай дүниенің ойранын шығарады. Бүлдіреді. Жаңғырту мен жаңаруға кесірін тигізеді. Біз бұған сақ болуымыз керек. Сананы сергітетін, жадыны жаңғыртатын ұлттық, халықтық құндылықтарды қастерлеу үшін жоғары мәдениеттілік көрсету керек-ақ. Жалған мадақ пен жылтыр сөз қоғамның да, адамның да абыройын асыра алмайды, біле білсек, мұндай пиғылды ұнату мен оны бетімен жіберу басшы атаулының имиджіне ешбір қызмет етпейді. Жалпы бұл өзекті мәселеде тиісті орындар тарапынан кеңесіп, кесімді, піскен бір тоқтам болуы қажет. Олай дейтініміз, жергілікті әкімдердің арасында өздерін жарты патша санайтын жаман пиғыл түсініксіз жағдайда төбе көрсетіп, етек алып барады. «Аузы жаман елді былғайды, аяғы жаман төрді былғайды» (халық даналығы). Бұл жақсы емес. Адамдық биіктікті ұстау кімге болса да сын. Мемлекеттік қызметшілер үшін қандай деңгейде болмасын бұл тіптен маңызды.

**Мейрамбек
ТӨЛЕПБЕРГЕН,**

қоғам
қайраткері



**АҚЫННЫҢ БАР БОЛМЫСЫ ҚАЙ-ҚАШАНДА
ҚИЯНАТҚА БАСПАЙДЫ АЙДАСАҢ ДА.
ҚЫЗЫЛ ТІЛІ – АЖДАҒА АЛДАСПАНЫ,
ҮН ҚАТПАЙ ҚАЛА АЛМАЙДЫ БАЙЛАСАҢ ДА.**

Ақынның нәзік жанын, сезімін, айтқысы келген ойын оқырманына жеткізіп, ұғындыра алуының өзі бір өнер болса керек. Кейде, біз, қарапайым халық, ақынның мінезін түсінбей жататын кезіміз болады. Сондай сәттерде ақындардың тағдыры, өмірі жайлы өлеңдерін оқып көрген дұрыс болар. Ақын болмысын ерекше сипаттай білген, қуанса да, мұңайса да жырмен жанын емдей білген ақындардың бірі – Есләм Зікібаев.

Ақынның өзгеше болмысын тануға талай жан ұмтылғаны айтпасақ та белгілі. Бірақ ақын жанын, ақыннан артық кім түсінер?! Бұл туралы Есләм аға өз өлеңінде:

*Ақынның дара біткен болмысы ма,
Қол бала бола алмайды, қол құсы да!*

Ұшуы, қонуы да... өз еркінде,

Адасса да – өзінше адасуы,

Басқадай қаламайды жолды, сірә!, – деп,
ақындардың әрқашан еркіндікті аңсайтынын, тірліктің тынысы ақын ойын оттай қаритынын жүрекпен жеткізеді.

Лирикадағы ақын тұлғасын жете зерттеген ғалым Зәки Ахметов: «Ақынның өз тұлға-бейнесі оны тебіrentкен ой-сезімдерден, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан, берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрінісін табады», – дейді. Ия, расында да әр ақынның өлеңінен оның өзіне ғана тән ерекшелігін аңғарамыз. Белгілі ғалым М.С.Оразбек «Ақындық тұлға табиғаты» атты еңбегінде: «Кез келген лирикалық өлеңдегі ішкі сыр мен сезімді лирикалық кейіпкерге телігенімізбен, бәрібір ақын тұлғасын ұмыт қалдыруға хақымыз жоқ», – деген пікір білдіреді. Расында да, лирикалық образ түбінде ақын тұлғасы жатады. Олай болса, біз Есләм Зікібаевтей көрнекті қаламгердің ақындық тұлғасын танып көруге тырысайық.

Есләм Зікібаев туралы мақала жазуды ойға алған күні оның өмірбаянымен, өлеңдерімен таныса бастадым. Әр өлеңін оқыған сайын ақынды жаңа қырынан тани түскендей болдым. Ақынның жары Рауза Бәкірқызының телефон нөмірін алып, бірден хабарластым. Апайдың жарына деген сағынышы, құрметі, ағаның аманаты жайлы біраз әңгімелестік. Әрине, бірінші кезекте таныстықтары туралы сұрадым:

«Біз студент кезде таныстық. Екеуміз де Алматыда оқығанымызбен, бізді таныстырған Қордайдың би алаңы еді. Ол кезде кешкі сегізден бастап, бір-екі сағатқа, анда-санда биге баратынбыз. Ата-анамнан сұранып, қасыма өзімнен бірер жас кіші сіңлімді ертіп алып, би алаңына барғанмын. Аланда бейтаныс екі жігіт жүр екен. Түрі сұсты болып көрінген бойшаңы биге шақырды. Билеп жүріп атымды, қайда оқитынымды сұрады. Атымның Роза екенін, ЖенПИ-де екінші курсқа

ӨЗІМ КЕТСЕМ, СӨЗІМ



көшкенімді айттым. Қазақ пен қырғыз арасындағы диалектілерді жинау үшін Ғылым академиясының Тіл білімі институты іссапарға жібергенін, ауыл аралап, диалекті сөздерді жинап жүргендерін айтты. Бірақ жігіттің аты есімде қалмапты. Күзге салым Алматыға келіп, жатақханама орналасып жатсам, қыздардың

бәрі: «Сені ұзын бойлы бір жігіт іздеп жүр», – деп қоймайды. Сөйтсем, ағаң Алматыға келе сала мені іздеп, жатақханаға екі-үш рет келіп кеткен екен. Жақын таныса жүріп, сырлас дос болдық, қыз бен жігіт болып екі-үш жыл жүрдік. Маған ақын едім, өлең жазатыным бар еді дегенді айтқан емес. Газет-журналдарға мақалалары, хабар-ошары жарияланып тұратынын білетінмін».

Жазушы, аудармашы Герольд Бельгер де жақын досы туралы естелігінде бірге жүрген кездерін, ұзын-сонар әңгімелерін, қалжың-әзілдерін, бірге шахмат ойнағанын еске түсіріп, оның ақындығына, мінезіне де тоқталып өтеді: «Есләмнің өмірде қатты ұстанатын принцип-қағидалары болатын. Ақындық өнерді пір тұтатын. Өз бағасын да анық сезінетін. «Мен ақындардың алды да емес, соңы да емес екенімді білемін», – дейтін. Тірліктегі жетістік пен жақсылықтардың бәріне «тәуба» деуші еді. Қазаққа тән қанағатшылдығы болатын. Негізгі ұстаным-кредосы: арға таңба түсірмеу. Анық сенетіні: «Ақын,

сірә, өлмейді...» Сөзге, уәдеге, жолдастыққа берік еді. Көлгірсуді білмейтін. Жалғандық атаулыға жаны қас, ешуақытта ойын жасырмайтын. Ешкімнің бет-жүзіне қарамай, ақиқатқа жүгінетін. Адал еді, жаны жайсаң, жомарт еді. Туған өлкесін жырлап өтті, Есіл өңірін ерекше қадір тұтты. Өзін ауылының өкілетті елшісі деп санайтын». Шынымен де, ақындық тұлға хақында сөз қозғасақ, сол жанның ақын болып қалыптасуына сеп болған, шабыт туған жері жайлы айту міндет. Есләм

АРТЫМДА ҚАЛСЫН...

ақын үшін Өрнектей ауыл болмаған. Оның туған жеріне, ауылына деген сүйіспеншілігі, махаббаты ауылына арнаған әр өлеңінен айқын көрініс беріп тұрады.

Ауылым қиыр шетте Өрнек деген,

Бар тінін тірлігінің өрнектеген.

Жаныма жақындығы Өрнегімдей

Бір ауыл таба алмаспын жер-көкте мен, – деп көңілін мұң шалған уақытта да Өрнекке келіп, тынығып, бар уайымын ұмытатынын да жасырмайды. Өрнек ауылында дүниеге келу бақытына ие болған ақын, бар өмірін осы ауылды жырлауға, насихаттауға арнағанын көре аламыз. Ақынмен араласқан қаламгер достары үшін де «Есләм» және «Өрнек» сөздері синонимге айналып кеткендей.

«Өрнек» деген ауылдың өршіл ұлы,

Көп гүлдерің ашылды, көрші мұны.

Сенен тіпті қалмады қайда барсаң,

Ауылдастың арманы, көрші мұңы, – деп ақын

Тұманбай Молдағалиев «Есләм ақын жетпісте» атты арнауында ақынның азаматтық бейнесін аша түседі. Ақынның досы дала екенін білетін Тұманбай ақын Есләм ағаның туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілігін де байқай білген. Жанына Өрнектей жақын ауыл таба алмасына сенімді болған ақын ағамыз, Өрнек ауылын жырға арқау етіп, сағынышын басқанын да аңғаруымызға болады.

Ия, соғыстан кейін халықтың өмірі қаншалықты қиын болғанын, шығармалардан да, ата-әжелеріміздің әңгімесінен де естідік, оқыдық. Ал ақын ағамыздың соғыс кезіндегі, соғыстан кейінгі өмірі қиын болғанын Рауза апайдың әңгімесінен байқадық.

«Ол заман сондай, халықтың жағдайы нашарлау кезі ғой. Ағаң – соғыс кезінде қиындықты көп көрген-балалардың бірі. Мектепке киіп баратын аяқ киім болмай, екі жыл кешігіп барған екен, сөйтіп мектепті жиырмасында бітіріп, жоғарғы оқу орнына он жетісінде емес, жиырмасында келген екен. Мұндай жайт ол уақыттың балалары үшін кемістік емес еді. Ешкімнің қабырғасы бүтін емес кез, шерлі көкірек кілең жас заманымыз тар екен деген. Аз-мұз шәкіртақыға күнелтетін студенттердің бір киер киімі болғанының өзі – жарты байлық. Баршаның арманы болған Алматыда оқу оқып жүрген жастар жағдайдың нашарлығына қарай ма, қыдырғылары, би алаңдарына барғылары келеді ғой. Ағаң стипендия алған күні бөлмелес балаларымен бірге ақша жинап, ішіп-жем сатып алады екен де, артылған аз ғана ақшаны Октябрь атты курстасының қолына ұстатып,



осы ақшамен биге барып, би үйреніп кел де, бізге үйрет дейтін көрінеді. Ол биге барып, жатақхананың көлеңкелеу бұрышына тұра қалып, өзіне телміре қараған жігіттерге би үйретеді екен. Жағдайымыз нашар еді, қалтамыз жұқа еді демей, ол уақыттың жастары амалын тауып, жастық дәуренін де өткізіп, оқуын да оқып, отбасын да құрап, армандарына адалдықтарын таныта жүріп, кітап, газет, журналдан бас алмайтын. Ағаңмен мені табыстырған сол заман ғой, ол уақыт туралы да айтып өтпеске болмас.

Елдігін айтса дағы, Елеместей –

Қайран қазақ әлі де келеді өспей.

Бір қазанға сыймайтын екі бастай,

Той болса, тарқамайтын төбелеспей.

Мақтанып аға демей өз ағасын,

Кикілжіңге шаптырмай сөз арасын,

Жүген-құрық тимеген жүйріктей боп,

Шаппасаң, топтан қайтіп оза аласың?

Ісіп-кепкен өзінің буларына,

Жетіп жатыр сұмдары, қулары да...

От тастамай, май құймай дуға мына,

Намысқа шабатындай ұлан болса,

Мақтанар ҚАЗАҚ болып туғанына, – деп «Шындықтың ұлы атасы» атты өлеңінде қазақтың қанша кемшілігі болса да, оның артықшылығын баса айтып, намысқа шабатын кез келген ұлан қазақ болып туғанына мақтануы қажет екенін бейнелеу арқылы, өзінің де мақтанышын аңғартады. Жас ұрпақты адамгершілік биік мұраттарға, адалдық пен ақылдылық, парасаттылық пен азаматтыққа



үндейтін Есләм ақынның өлеңдерінен адамның түзу жолда жүруіне, ар тазалығы мен жан тазалығына ақылдың үнемі көшбастаушысы болып отыруын қалайтынын анық байқауымызға болады. Белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықов «Ақынның үш қасиеті» атты эссесінде: «Есләм ақынның ерекше үш қасиеті бар еді: адал, әділ және намыскер болатын», – деп еске алады. «Адалдығы сондай – біреудің жолда жатқан алтынына қол созбайтын. Әділдігінің белгісі – өзіне зиян келсе де, ақ істі ардақтаудан аянбайтын. Ал намыскерлігі қандай десек – біреу жазықсыз жәбір көріп жатса, оны өзін қорлағандай көретін. Жәбір көрушіні қорғап, жиындарда жалынды сөз сөйлейтін, жәбірлеушіні әшкерелеп, отты өлеңдер жазатын». Өз заманының қоғамын сынап, адам бойындағы жағымсыз мінез-құлықтарға жиіркене қарап, басқалардың да ондай мінезден аулақ болуын қалаған ақын, шығармашылығы арқылы жақсылық, әділдік, азаматтық сезім, ар-ұят өзін-өзі бағалау, қамқорлық, қарапайымдылық, кішіпейілділік сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттады. Рауза Бәкірқызының айтуы бойынша да, Есләм ағаның мінезі нағыз ақындарға тән мінез еді.

«Ағаң ақкөңіл адам еді. Тез ашуланғанымен, қайтымы да тез болатын. Ол кісінің мінезі нағыз ақынның мінезі еді. Әділетсіздік көрсе, қатты жабырқайтын. Ал мен ұяң болдым. Кез келген жанмен бірден сөйлесіп кете бермейтінмін. Ағаңның мінезі менің мінезіме қарама-қайшы еді. Біздің бір-біріміздің

жоғымызды толықтырып тұруға сол мінездердің ұқсамауы әсер еткен шығар. 1957 жылы кездескен біз 1960 жылы шаңырақ құрдық. Күйеуге шығатынымды айтқанда, ата-анам жер түбіне кетіп барасың деп қатты толқыды. Әкем араға ағайындарымызды салып, алысқа бармай-ақ қойса қайтеді дегендей пікірін

ӨЗІМ КЕТСЕМ, СӨЗІМ

білдіріпті. Әншейінде ұяң, біртоға маған мінез пайда болып: «Бәрібір сол жігітке тұрмысқа шығамын», – деп ашық айттым. Менің сол сөзімнен кейін ағайын-туыс аса қарсылық танытпады. Ағаң жиен аға-жеңгесі екеуі құдалыққа Қордайға келіп, әкем жол ашарын жасап, шығарып салды. Әкем өмір бойы қызметте болған кісі, қандай ортада болсын, жарқылдап отыратын жан еді. Көпшілік бірден, күйеу баласы қайын атасына ұқсайды екен десіп жатты».

Есләм Зікібаевтың алғашқы кітабы «Ақ қайыңдар» деген атпен 1975 жылы жарық көрді. Өлеңге кеш келсе де, он-он бес жылдың ішінде сегіз өлең кітабын шығарған.

Кім оянып, мәңгіге кім жатады,

Тоқтамайды күн шығып, күн батады...

Өзім кетсем, артымда сөзім қалсын,


Ерік бердім жан сырым – жырға тағы, – деп жырлаған

Есләм аға ақындық өнерді биік бағалап, ақындық ой-өрістің өлшеусіз кең екенін аңғарып, өлеңді жан сырына балаған. Абыз жыршы Әбділда Тәжібаев: «Есләм тақырып жағынан кілең жаңалық айтады деу қиын. Бірақ бізге мәлім тақырыптардың өзі де Есләмша жырлап, жадырап отырады. Өйткені талантты ақынның өлеңді поэзиялық дәрежеге көтеретін өнері көп, аспаптары мол», – деген пікірінен де ақын поэзиясының өзіндік ерекшелігі, эстетикалық көркемдігі бар екенін көреміз. Ал белгілі ақын Қадыр Мырза-Әлі: «Есләм күй таңдайтын, бап таңдайтын ақын. Оның сирек жазатыны да осыдан шығар. Дарын иесінің өзін мүлде ерекше сезінетін алымды сәттері шабытты шақтары болса керек», – десе, Мұзафар Әлімбаевтың: «Есләм поэзияға кешігіңкіреп келді. Алайда, кенже қалған жоқ. Ақындық өнер санымен емес, сапасымен өлшенер болар. Ақынның негізгі тақырыбы – азаматтық, Отанға, туған елге деген сүйіспеншілік», – дегені де бар. Есләм ақын шығармаларындағы сөз кестесінің, өлең тілінің табиғилығы мен қарапайымдылығы,

олардағы қолданылатын бейнелі сөздердің құрылыс-бітімі, жасалу ерекшеліктері жағынан мейлінше ұтымды және терең мағыналы болуы – ақынның суреткерлігін, шеберлігін танытады. Ал бұл өлеңдер қалай жазылды, қай уақытта жазылды деген сұрақтардың жауабын, әрине, ақынның жарынан аламыз:

АРТЫМДА ҚАЛСЫН...

«Ағаң жақсы ән тыңдап отырып та жақсы өлең жаза беретін. Шынын айту керек, өлеңдерін көбіне ас үйде отырып жазатын және онысына қабақ та шытқан емес. Балаларын бір бөлмеге тығып тастап, екінші бөлмені кабинет қылып алуына да болатын еді. Өзінің тыныштығынан балаларының жағдайын көбірек ойлайтын. Ол кісі және өзінен кейінгі бауырларына да аса қамқор болды. Алматыға оқуға келген жиен інісі мен туған екі інісі біздің қолда тұрып оқу бітірді. Ағаң мектеп бітірген жылы әкесі қайтыс болады. Алматы барам, оқу оқимын деген талабы таудай баласын енеміз бетінен қақпай, оқуға жіберген екен. Анасы қоңырлатып ән салатын. Әкесі өлең жазған кісі екен. Шиеттей бала-шағамен елде қалса да, бірдеме



етіп күнелтеміз деген анасы ағаңа ақ батасын беріп, Алматыға шығарып салыпты. Ағаң жастайынан анасы мен бауырларына көп қарайласты. Поэзияға да кеш келіп жүргені сол ғой. Інілерім аяқтарынан тұрып кетсін деп, оқу оқып жүріп-ақ жұмыс істеді. Алған қаламақысын солардың қажетіне жаратты, отбасына қарасты...».



*Ана тілім – арманым, ақ тілегім,
Өзімнен де өзіңді көп тіледім.
Тілім өлсе, тірлігіме мәз болып,
Қара жерді қалай басып жүремін?*

Есләм ағаның өлеңдерінен оның ақындық тұлғасын танытатын тағы бір ерекшелікті байқадым. Ол – ана тіліне деген құрметі. «Арым да, барым да, берекем де, мерекем де – тілім» деп жырлаған ақын мансабы үшін баба тілін шенегендерді көріп, жүрегі қарс айрылады. Себебі бұл жағдай ақын үшін ащы таяқ жегеннен де қатты соққы еді. Рауза Бәкірқызы «Заман талабы болған соң өзіміздің балалар орысша оқыды, енді немерелерім қазақша оқыса екен», – деп армандаған ақынның аманатын арқалап келе жатыр. Немерелерінің алды қазақ лицейін «Алтын белгіге» бітірсе, ең кіші немересі екінші сыныпта оқиды. Ана тілі ақ тілегіне айналған ақынның арманын ұрпағы жалғастырып келе жатқаны ойға қуат, бойға жылулық сыйлайды.

Әр ақынның өз шындығы, өз ақиқаты болары сөзсіз. Шын ақын дегеніміз кім? Шындық дегеніміз не? Бұл сұрақтардың жауабын табу оңай дүние емес екені белгілі. Ал Есләм ағаның «Шындықтың ұлы атасы» атты өлеңін оқысаңыз, ақынның ішкі шындығын түсіне аласыз:

*Делебесі делбеңдеп қозатұғын,
Өңмеңде, өңешіңді соз, ақыным!
Бәрібір сен емессің озатұғын,
– Дермісің: «Қалай елге сөз айтасың,
Өзіңе жетпей жатып өз ақылың?»
Қайтемін,
Менің де арман-мұратым көп,
Демессің «айтты мұны кім ақыл» деп.
Асуым бардай еді шығатын көп –
Көтермей-ақ қойыңдар шыңға сүйреп,
Өлгенде айтып жүрсеңдер жетіп жатыр
Шындықтың ұлы атасы – шын АҚЫН деп.*

Балнұр ҚЫЗЫРБЕКҚЫЗЫ

**ТАЛДЫҚОРҒАНДА АУТИЗМІ
БАР БҮЛДІРШІНДЕРГЕ
АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ ПЕН ЕРТЕ
АРАЛАСУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ.
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ
ҚОРЫНЫҢ МҰРЫНДЫҚ
БОЛУЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСҚАН
БҰЛ ЖОБАНЫҢ ШАПАҒАТЫ
ЕНДІ ОСЫ ӨҢІРДЕГІ ЖҮЗДЕГЕН
ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА ТИЕДІ.
БҰҒАН ДЕЙІН АЛЫСҚА
САБЫЛҒАН АТА-АНАЛАРДЫҢ
ДА ҚУАНЫШЫНДА ШЕК ЖОҚ.**

Айлин – аутизм диагнозы қойылған ерекше бала. Жақында төртке толды. Талдықорғанда ашылған аутизмі бар балаларға арналған орталықтың алғашқы қонақтарының бірі. «Қызым» деп жарғақ құлағы жастыққа тимейтін анасы Гүлшаттың енді еркін тыныстауына болады. Өйткені мұнда Айлинге барлық жағынан қолдау көрсетіледі. «Қызыма ұнайды. Ең бастысы, біздің Талдықорғанда аватерапия пайда болды. Аватерапия алу үшін біз Алматыға баратынбыз. Жол жүру балаға қиын. Қазір өте қуаныштымыз», – дейді Гүлшат Құдайбергенова.

Орталықта дефектолог, логопед, психолог, кәсіби терапевт секілді білікті мамандар балалармен жұмыс істеуге барын салады. Түрлі түске боялған кабинеттердің өзі бүлдіршінді емнен қашырмай жылы тартатындай. Мұнда еңбек терапиясынан бөлек, робототехника, қыш жасау, сенсор интеграция секілді бағдар бойынша сабақтар өтеді. Ең бастысы, барлығы тегін.



Айта кеткен жөн, озық үлгідегі техникалармен кабинеттерді жарақтандыруда «Самұрық Қазына» мен «Қазақстан халқына қоры» қол ұшын созған. Нұрсұлтан Назарбаев қорының бастамасымен құрылған

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

БАҚЫТТЫ БОЛУҒА ЖАРАЛҒАН

Талдықорғанда ашылған Ерте араласу орталығы облыстық перинаталдық орталықтың базасында орналасқан. Нейро-ортопедиялық бұзылысы бар үш жасқа дейінгі бүлдіршіндерге арналған. Жыл сайын кемі 600 балаға көмек көрсетіледі.

Әйгерім ЛЕБАЕВА, Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары:

«Мұнда үш айдан үш жасқа дейінгі балалар ем, оңалту емін алады. Невропатолог, педиатр, реабилитолог, ЛФК инструкторлары, массажистер, логопед, дефектолог, психологтар бірлесіп жұмыс істейді.

«Қамқорлық» қорының бұл кезекті жүзеге асқан жобасы. 2020 жылдан бері тоғыз ерте араласу орталығы ашылған. Жыл аяғына дейін тағы он орталық ашу жоспарда бар.

Әлкей МАРҒҰЛАНҰЛЫ,
Нұрсұлтан Назарбаев қоры атқарушы директорының орынбасары:

«Талдықорған қаласындағы ашылған екі Ерте араласу орталығы мен «Қамқорлық» аутизм орталығында осы облыстың жаңадан құрылған Жетісу облысының бүлдіршіндерінің алысқа бармай, ең сапалы деңгейдегі 21 күнге арналған бағдарламалық ем алу мүмкіндігі туып отыр. Мұның барлығы тегін жүзеге асырылады. Біз осы жобаны жүзеге асыруда, ең бірінші кезекте, балаларға және балалардың қажетін толық қамтитын инфрақұрылым жағдайын жасауға бар мүмкіндігімізді салдық».

«Қамқорлық» қорының алдағы уақытта 20 аутизм орталығын ашу жоспары бар. Бүлдіршіндерге бақытты балалық сыйлауды басты бағдары еткен қордың халыққа атқаратын жұмысы әлі де алда.

Асқарбек ҚАЗАНҒАП

Бас редактор –
директор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)